**Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 24 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

"Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 21 қарашадағы N 1673 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне жыл сайын, 15 маусымнан және 15 желтоқсаннан кешіктірмей Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі жыл сайын, 25 маусымнан және 25 желтоқсаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы жиынтық ақпарат ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 24 қаулысымен бекітілген

## Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.02.16. N 117 , 2007.05.10. N 373 қаулыларымен.

| Р/с N | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Орындалуына жауаптылар | Орындау мерзімі | Болжамды шығыстар, мың теңге 2005 2006 2007 | Қаржы-ландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

### 1. Шетелде тұратын отандастарды қолдау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Тәуелсіз Мемлекет-тер Достасты-ғына мүше мемлекет-термен азаматтық алудың оңайлатыл-ған тәрті-бі туралы халықара-лық шарт-тардың жобаларын әзірлеу | Халық-аралық шарт-тардың жобала-ры | Еңбекмині (жинақтау), СІМ | Конта-гентпен келісім бойын-ша, 2006 жылдың екінші жартысы | Талап етілмейді | - |
| 2 | Көші-қон проблема-лары бойынша халықара-лық шарттардың жобаларын әзірлеу | Халық-аралық шарттың жобасы, ҚР Үкімет ҚХР Үкіметі арасында-ғы қоныс аудару процесін реттеу және қоныс аударушы-лардың құқықта-рын қорғау | Еңбекмині (жинақтау), СІМ | Конта-гентпен (келі-сім бойынша | Талап етілмейді | - |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | туралы келісім-нің жобасы | | | | |
| 3 | алынып тасталды | | | | | |
| 4 | "Шетелде тұратын отандас-тардың жағдайы және олар-ды қолдау жөніндегі шараларды іске асы-ру" атты талдамалық баяндаманы дайындау | ҚР Үкіметіне ақпарат | МАСМ (жинақтау), Еңбекмині, СІМ, ДҚҚ (келісім бойынша) | Жыл сайын, 25 желтоқ-сан | 2005 ж.-1350 2006 ж.-1423 2007 ж.-1423 | Респуб-ликалық бюджет |

## 2. Шетелде тұратын отандастармен тығыз экономикалық қарым-қатынастар орнату үшін жағдай жасау

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Шетелде тұратын отандас-тардың әлеумет-тік эконо-микалық жағдайы жөнінде әлеуметтік зерттеулер (терең сұхбат) жүргізу: Ресей, Қытай, Орталық Азия, Европа елдері | ҚР Үкіметіне ақпарат | МАСМ (жинақтау), СІМ, ДҚҚ (келісім бойынша) | 2005 жылғы 25 желтоқ-сан<br>2006 жылғы 25 желтоқ-сан<br>2007 жылғы 25 желтоқ-сан | 2005 ж.-1050<br>2006 ж.-1260<br>2007 ж. -2523 | Респуб-ликалық бюджет |
| 2 | Қазақ диаспора-сының бизнес өкілдері-мен сауда-экономика-лық байла-ныстарды дамыту | МАСМ-ға ақпарат | ИСМ (жинақтау), СІМ, Еңбекмині "Казинвест" ЖАҚ (келісім) бойынша | Жыл сайын 15 желтоқ-сан | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жөніндегі жұмысты жалғастыру | | | | Талап етілмейді | |
| 3 | Шетелде тұратын отандас-тардың экономика-лық әлеу-еті мен инвести-циялық мудделерін ескере отырып, олардың капитал-дарын қатыстыра отырып, бірлескен кәсіпорын-дар құруға жәрдемдесу | Келісім-нің жобасы | ИСМ (жинақтау), СІМ | Жыл сайын, 4 тоқсан | Талап етілмейді | |

## 3. Шетелде тұратын отандастармен тұрақты негізде мәдени-гуманитарлық байланыстарды ұстау үшін жағдай жасау

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | "Шетелдегі диаспора-ладың қалыптасу кезеңдері" атты әлеу-меттік зеттеулер жүргізу | ҚР Үкіметіне ақпарат | МАСМ (жинақтау), СІМ | 2005 жылғы 25 маусым<br>2007 жылғы 25 маусым | 2005 ж.- 1350<br>- | Респуб-ликалық бюджет |
| 2 | "Шетелдегі қазақ диаспора-сының жұмыспен қамтылу проблема-лары" атты әлеуметтік зерттеу жүргізу | ҚР Үкіметіне ақпарат | МАСМ (жинақтау), СІМ | 2006 жылғы 25 маусым | -<br>2006 ж.- 1260<br>- | Респуб-ликалық бюджет |
| | | | МАСМ (жинақтау), | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | ҚР Үкіметінің жанынан Шетелде тұратын отандас-тардың істері жөніндегі комиссияны құру | ҚР Үкіметі қаулысы-ның жобасы | СІМ, Еңбекмині, БҒМ, ҚР Парламенті-нің Көші-қон және отан-дастармен байланыс жөніндегі бірлескен комиссия (келісім бойынша), ДҚҚ (келісім бойынша) | 2005 жылғы 4 тоқсан | Талап етілмейді | - |
| 4 | Шетелде тұратын отандас-тардың істері жөніндегі комиссия-ның жұмы-сын қамта-масыз ету | Бұйрық | МАСМ (жинақтау), СІМ | Жыл сайын 2 5 желтоқ-сан | 2005 ж.-1094 2006 ж.-1050 2007 ж. -1050 | Респуб-ликалық бюджет |
| 5 | Қазақ диаспорасы тығыз орналасқан елдерде Қазақстан Республи-касының елшіліктер жанынан ұлттық мәдени орталық-тарды құру жөнінде ұсыныс енгізу | МАСМ-ға ұсыныстар | СІМ (жинақтау), ДҚҚ (келісім бойынша) | 2007 жылғы ақпан-тамыз | Талап етілмейді | - |
| 6 | "Туған тіл" мамандан-дырылған альманахын шығаруды ұйымдас-тыру | Бұйрық | МАСМ (жинақтау), СІМ, БҒМ, ДҚҚ (келісім бойынша) | Жыл сайын, 2, 4 тоқ-сан | 2005 ж.-3000 2006 ж.-3150 2007 ж. -3150 | Респуб-ликалық бюджет |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | Қазақ диаспорасы өкілдері-нің қатысуымен халықара-лық ақын-дар мүшәй-расын өткізу | Бұйрық | МАСМ (жинақтау), СІМ, ДҚҚ (келісім бойынша) | Жыл сайын, 3 тоқ-сан | 2005 ж.- 1884 2006 ж.- 1919 2007 ж. - 1878 | Респуб-ликалық бюджет |

## 4. Шетелде тұратын отандастарды ақпараттық қамтамасыз ету

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | "Мемлекет-тік сатып алу туралы" Қазақстан Республи-касы Заңының талаптары-на сәйкес "Caspio-net" спутниктік арнасының хабар таратуын қамтамасыз ету (жақын шетел аумағында, отандастар тығыз орналасқан жерлерде отандық түрлі жанрлы телерадио бағдарла-маларын, фильмдерді және өзге де өнімді трансля-циялау | Бұйрық | МАСМ | Жыл сайын, 1 тоқ-сан | 2005 ж.- 440439 2006 ж.- 454428 2007 ж. - 454428 | Респуб-ликалық бюджет |
| | Ресей Федерация-сының, Өзбекстан Республи-касының, Қырғызстан Республи-касының, Қытай Халық | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Республикасының (Шыңжан-Ұйғыр автономия-лық ауданы) Қазақстанмен шекаралас облыстарына теледидар және радио бағдарламаларының таратылу аймағын кеңейту мәселелерін шешу жөніндегі жұмыс тобын құру | ҚР Премьер-Министрінің өкімі | МАСМ (жинақтау), СІМ | 2007 жылғы 2 тоқсан | Талап етілмейді | - |
| 3 | ТМД-ға мүше елдер аумағында баспа өнімдерін тарату үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз ету мақсатында почта тарифтерін өзара төмендетуге және мерзімді басылымдар мен кітап өнімдерін жеткізу жөнінде жеңілдіктер беруге бағытталған келісімнің жобасын әзірлеу | Келісімнің жобасы | МАСМ (жинақтау), ККМ, БҒМ, СІМ | 2006 жылғы 2 тоқсан | Талап етілмейді | - |
| | Қазақ диаспорасының | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | өзекті мәселелері жөніндегі әдебиет-терді әзірлеу және шығару | Бұйрық | МАСМ (жинақтау), СІМ | жыл сайын | 2005 ж.-2860 2006 ж.-3003 2007 ж. -3000 | Респуб-ликалық бюджет |

**5. Шетелде тұратын отандастарды Қазақстан Республикасының оқу орындарында білім алуға дайындау үшін жағдай жасау**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақ диаспорасы өкілдеріне жоғары оқу орындарына және олар-дың даяр-лық бөлім-деріне түсу үшін квота бөлу | МАСМ-ға ақпарат | БҒМ (жинақтау), СІМ | Жыл сайын, 15 маусым, 15 желтоқ-сан | 2005 ж.-100082 2006 ж.-101681 2007 ж.-130681 | Респуб-ликалық бюджет |
| 2 | Алыс және жақын шет елдердегі қазақ мектепте-рін оқу-лықтармен, оқу-әдіс-темелік құралдар-мен қамта-масыз ету | МАСМ-ға ақпарат | БҒМ (жинақтау), СІМ | Жыл сайын, 15 маусым, 15 желтоқ-сан | 2005 ж.-23228 2006 ж.-17969 2007 ж.-8594 | Респуб-ликалық бюджет |
| 3 | Қазақ диаспорасы үшін қазақ тілін жеделдетіп үйрету жөніндегі сөздіктер-ді, оқу-лықтарды, оқу-әдіс-темелік құралдарды әзірлеу және шығару | Бұйрық | МАСМ (жинақтау), БҒМ, ДҚҚ (келісім бойынша) | Жыл сайын, желтоқ-сан | 2005 ж.-4260 2006 ж.-3473 2007 ж. -3473 | Респуб-ликалық бюджет |

**6. Шетелдік қазақ диаспорасының бірігуіне жәрдемдесу**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақтар-дың кіші құрылтай-ларын өткізу | ҚР Үкіметіне ақпарат | МАСМ (жинақтау), СІМ, ДҚҚ (келісім бойынша) | Жыл сайын, 25 маусым | 2005 ж.-1000 2006 ж.-3000 | Респуб-ликалық бюджет |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Қазақ диаспора-сының проблема-лары бойынша республи-калық (өңірлік) конферен-циялар, семинар-лар, кеңестер, дөңгелек үстелдер өткізу | Бұйрық | МАСМ (жинақтау), СІМ, Еңбекминi, БҒМ, ДҚҚ (келісім бойынша) | Жыл бойы | 2005 ж.- 7250 2006 ж.- 6000 2007 ж. - 5868 | Респуб-ликалық бюджет |
| 3 | Еуропа елдерінде тұратын қазақ жастарының өнер және спорт фестиваль-дерін өткізу | ҚР Үкіметіне ақпарат | МАСМ (жинақтау), СІМ, ДҚҚ (келісім бойынша) | 2005 жыл, 2007 жыл 25 желтоқ-сан | 2005 ж.- 2742 - 2007 ж.- 6209 | Респуб-ликалық бюджет |
| 4 | Шетелде тұратын отандас-тардың халықтық шығармашы-лығы фестивалін өткізу | ҚР Үкіметіне ақпарат | МАСМ (жинақтау), СІМ, ДҚҚ (келісім бойынша) | 2006 жылғы 25 желтоқ-сан | - 2006 ж.- 2385 | Респуб-ликалық бюджет |
| | Жиыны: | | | | 2005-591589 2006-601910 2007-622318 | |

*Ескертпе: 2007 жылға арналған республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстар көлемі тиісті қаржы жылына арналған "Республикалық бюджет туралы" ҚР Заңына сәйкес анықталатын болады.

МАСМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі;

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі;

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

ЭБЖМ Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі;

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі;
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі;
Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;
АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі;
ДҚҚ - Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК